



Лексикалық тақырып: *Жәңгірұлы Тәуке хан*

Грамматикалық тақырып: *Одағайлар*

Берілген мәтінді оқып, абзацтарға бөліңіз. Әр абзацқа ат қойыңыз.

Жәңгірұлы Тәуке хан (1626-1718) - Қазақ хандығының ханы, Салқам Жәңгір ханның баласы. Шешесі – қалмақтың хошоуыт тайпасының билеушісі Күнделен-тайшының қызы. Мұрагерлік жолмен Қазақ хандығының билік тізгінін қолға алған кезде (1680ж.) Тәуке ел ағасы жасына келіп ақыл тоқтатқан, мемлекет ісіне араласып, мол тәжірибе жинақтаған білікті жан болатын. Сондықтан да ол таққа отырып, әке ісін алға жалғап, оның саясатын жүргізгенімен, оны жүзеге асыруға келгенде бұрынғы сұрлеумен кетпей, өзіндік жаңа жолмен жүрді. Тәукені өзге қазақ хандарынан ерекшелеп, оның шын мәнінде көреген басшы, ақылды реформатор екенін танытатын қасиеті де осы өзіндік жолмен жүруінде. Бұл ретте ол ұлы бабасы Қасым ханға қарай бейімделеді.

Тәуке ханның елі үшін сіңірген ерен еңбегі екі қырымен айрықша назар аударады. Бірі – елдің іргесін аман сақтауда сыртқы саясатты білгірлікпен жүргізіп, анталаған көп дұшпанға бел аудармағаны. Екіншісі – елдің ішкі жағдайын реттеудегі саяси-құқықтық тәртіпті орнатуы. Ол төңірегіне топтан торай шалдырмайтын, сыртқа сыңар сабақ жіп алдырмайтын, бір ауыз сөзімен жұртты жатқызып - өргізетін, беделімен елдің бірлік-берекесін кіргізетін ақыл иелерін жинап, халқын солар арқылы басқарды, ақыл-ой, парасат үстемдігін орнатты.

Тарих дерегі сол кезде Тәукенің қасында Ұлы жүз Әлібекұлы Төле, Орта жүз Келдібекұлы Қазыбек, Кіші жүз Байбекұлы Әйтеке, қырғыз Қарашораұлы Көкім, қарақалпақ Сасық би, қатаған Жайма секілді халықтың ішінен уақыттың өзі екшеп шығарған, даналық сөзімен, әділетті ісімен, қара қылды қақ жарған тура билігімен аттары бұл күнде аңызға айналған атақты билердің болғанын айтады. Осындай алыптардың замана тынысын тамыршыдай тап басып танып, халықтың басын қосып, елдің бірлік – берекесін кетірер ішкі дау – жанжалды, барымта – сырымтаны тиып, елді ынтымақта ұстау мақсатында ой тоғыстырып, бір бағытта игілікті іс-қимыл жасау арқасында Қазақ хандығының жағдайы күрт жақсарып, сыртқа айбарын асырды. Жұрт ерді ел қолдаса - береке, ханды ел қолдаса мереке екенін көрді. Сол себепті де **Тәуке хан** ел билеген кез - халық есінде «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» тыныш берекелі заман болып қалды.

Бірақ, бұл, әрине ол кезде ешқандай шапқыншылық болған жоқ, бірыңғай бейбіт күн туып, қазақ халқы сыртқы жаудан қаймықпай алаңсыз ғұмыр кешті дегенді білдірмесе керек. Керісінше, Тәукенің кезінде қалмақтармен қақтығыс жиілей түспесе, кеміген жоқ. Сонау 1681 жылғы қалмақтың қоңтайшысы Галдан Бошоктудың қалың қолмен Шу өзенінің бойына жетіп, Сайрам қаласын қоршағаннан басталған шабуылдар легі кейін оның немересі Цеван Рабтан билік басына келген кезде де толастаған емес. Ұсақ қақтығыстарды есептемегеннің өзінде 1711-1712, 1714, 1717 жылдары қазақ пен қалмақ арасында ірі соғыстардың болғаны белгілі. Бұл арада мәселе елдің өз ішінде тыныштық орнауында, халық арасында ырыс қазығы - ынтымақтың берік қағылып, ағайынаралық алауыздықтың жойылуында, осыған ұйытқы болған ел басшысының төңірегіне халықтың ақыл-ойының жоғары көтеруінде. Сондықтан тарихшылар Тәукені «Қазақ ордасының Ликургі» деп бағалайды.

Тәуке ханның тұсында тұрақты мемлекеттік органдар: хан кеңесі, билер кеңесі жұмыс істеп, жыл сайын үш жүздің шонжарларының съезін өткізу қалыптасты. Тарихқа «Жеті жарғы» деген атпен енген Тәуке ханның заңдарын зерттеушілер қазақтардың бұған дейінгі қолданылып келген әдеттегі құқық нормаларының бір жүйеге келтіріліп, толықтырылған нұсқасы деп қабылдайды.

Тәуке хан билік басында өте ұзақ, әбден қартайып, қаусаған шал болғанша отырып, 1718 жылы өз ажалынан қайтыс болды



Лексика-грамматикалық тапсырмалар

1. Мәтінді оқыңыз, түсінгеніңізді айтыңыз.

2. Мәтін мазмұнындағы мына сөйлемдерді орыс тіліне аударыңыз:

Жәңгірұлы Тәуке хан (1626-1718) - Қазақ хандығының ханы, Салқам Жәңгір ханның баласы.

Тәуке ханның елі үшін сіңірген ерен еңбегі екі қырымен айрықша назар аударады. Бірі – елдің іргесін аман сақтауда сыртқы саясатты білгірлікпен жүргізіп, анталаған көп дұшпанға бел аудармағаны. Екіншісі – елдің ішкі жағдайын реттеудегі саяси-құқықтық тәртіпті орнатуы. Ол елдің бірлік-берекесін кіргізетін ақыл иелерін жинап, халқын солар арқылы басқарды, ақыл-ой, парасат үстемдігін орнатты.

3. Мәтіндегі терминдерді теріп жазыңыз.

4. Ережені оқып, есіңізге сақтаңыз.

Түрленіп, өзгермейтін, адамның ішкі сезімін, көңіл-күйін білдіретін сөздер одағайлар деп аталынады. Одағайдың түрлері: Көңіл-күй одағайлары, зекіру одағайлары, шақыру одағайлары.

5. Мәтіннің мазмұны бойынша төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Тәуке ханның ата-анасы туралы, тегі жайында не білесіз?
2. Тәуке ханның ел басқарудағы әдіс-тәсілінің ерекшелігі неде?
3. Ел бірлігін сақтауда ақыл-ой, парасатын қалай үстемдік еткізе білді?
4. Тәуке хан билік жүргізген кезеңде ел ішінде қандай заман орнады?
5. Елдің сыртқы жағдайы қалай болды?
6. Елді басқаруда тұрақты мемлекеттік органдар болды ма?
7. Қандай заң қабылданды?

6. Мына сөздердің синонимін табыңыз.

Еңбек, ел, батыр, азамат, құрмет.

7. Төмендегі мәтіннен одағайларды тауып көшіріп жазыңыз, олардың жасалу жолдарын түсіндіріңіз.

Дәрігер жігіт төсектегі науқасқа шұқшиса, үй ішіндегілердің бағып-қаққаны – сол ақ халаттының қас-қабағы. Ұстамды жан болса керек, дәрігер түрінен ешқандай сыр білдірер емес. Алдындағы қағазына тоқтаусыз сүйкектетіп жазып жатыр. Анда-санда сұрап қоятыны – аурудың ахуалына қатысты оны-пұны бірдеңелер.

– Айналайын-ай, иман жүзді бала екенсің.

Құтқара гөр жалғызымды. Ей, жасаған ием, есіркей гөр! – деді анасы пырсылдай жылап.

– Әзірше мына дәрілерді іше тұрсын.

Сосын өзім хабарласам, – деп, ақ халатты жігіт орнынан тұра берді.

– Алла, қарағым-ай, айтшы., Аман қала ма, жалғызым?

Сөзге сараңдау болса керек дәрігер жігіт:

– Ой, апасы, қапа болмаңыз.

Барын жасап көрермін, – дегеннен артық тіл қатқан жоқ.

Шығарып салуға Күпән апаның кіші қызы бірге ілесе шықты.

Біраз жүріп айналып келгеннен кейін:

– Қап, жаяу кетті, – деді ол өкіне сөйлеп.

– Жаяу дейсің бе? Ойбай-ау, Осылайша жаяу-жалпылап жүріп, жұртқа қайтіп қол ұшын бермек? Өзі тағы жас бала көрінеді...

Ай, білмеймін-ау, – деді анасы біртүрлі дағдарыңқы пішінде.

– Апа, танысып алдым. Аты Санияз екен. Өзі басқа бір облыстан келіпті.

Қызының желпілдеп келіп, «Танысып алдым» дегені Күпән апаға онша жаға қоймаған секілді.

Кәрі көздерінің итін сала бір қарады да:

– Ағаң хал үстінде жатқанда... сенің «Танысып алдыма» жол болсын, – деді күңкілдей сөйлеп.

– Апа-ау, сол Сәбет үшін таныстым ғой... Жалғыз ағама көмектесіңіз деп айттым.

Нұрдәулет Ақыш

8. Мәтіннің мазмұнын есіңізге түсіріп, Тәуке ханның ел үшін сіңірген ерен еңбегіне айырықша назар аудара отырып, шағын шығарма жазыңыз.

9. Мақал-мәтелдерді толықтырыңыз.

1. Таулы жер бұлақсыз болмас,

... ..

2. Халық қартаймайды,

... ..

3. Жауынмен жер көгереді,

... ..

4. Көлдің көркі құрақ,

... ..

5. Жер құтты болса,

... ..

6. Қыстағы қар - жерге ырыс,

... ..

7. Жер тойынбай,

8. Көп тепкен жерден... ..

9. Жерге еткен жақсылық

10. Жер көңді жақсы көреді,

... ..

Керекті сөздер: Ат жемді жақсы көреді, ел тойынбайды, Батамен ел көгереді, жерде қалмайды, көл шығады, Жердегі ылғал – елге ырыс, Мал сүтті болады, Таудың көркі бұлақ, Қара жер қартаймайды, Сулы жер құрақсыз болмас.

10. Тест тапсырмалары

1. Көңіл-күй одағайын табыңыз.

А) Тәйт.

В) Құрау-құрау.

С) Айт.

Д) Шай-шай.

Е) Алақай.

2. Одағай сөзді табыңыз.

- A) Паһ-паһ.
- B) Талапты.
- C) Ұлдың.
- D) Мырс.
- E) Жеңіс.

3. Одағайды табыңыз.

- A) Дүрс-дүрс
- B) Ойбай
- C) Мырс
- D) Жорта
- E) Ғой

4. Одағай сөздерге байланысты қойылатын тыныс белгісін табыңыз.

- A) Дефис
- B) Үтір, леп белгісі
- C) Нүкте
- D) Сызықша
- E) Нүктелі-үтір

5. Одағай қатысқан сөйлемді табыңыз.

- A) Қап, автобус кетіп қалды-ау.
- B) Көрсетпе! Тый көзіңнің жасын!
- C) Аспанды бұлт басқан.
- D) Далада жаңбыр жауып тұр.
- E) Гүрс-гүрс еткен мылтықтың дауысы естілді.

6. Көңіл – күй одағайын табыңыз.

- A) Моһ-моһ, жануар!
- B) Паһ, неткен дауыс!
- C) Ауқау-ауқау!
- D) Құрау-құрау, тұлпарым!
- E) Кә-кә, келе ғой.

7. Одағай сөзге байланысты қойылып тұрған тыныс белгіні табыңыз.

- A) Желтоқсанда екінші тоқсан аяқталады.
- B) Арман, сен үйіңе бара ғой.
- C) Амал қанша,ақырын күту керек.
- D) Әттең, қазір жанымда ағам болғанда ғой.
- E) Балам, арыңды жасыңнан сақта.

8. Дефис қойылуы тиіс одағай сөзді табыңыз.

- A) Тәйт.
- B) Ойбай пәлі.
- C) Пәлі ойбай.
- D) Әттең.
- E) Ойбай ай.

ТУҒАН ЖЕР

Қ.Аманжолов

Шықшы тауға, қарашы кең далаңа,
Мәз боласың, ұқсайсың жас балаға.
Ол шеті мен бұл шетіне жүгірсең,
Шаршайсың ба, құмарың бір қана ма?

Уа, дариға – алтын бесік туған жер,
Қадырыңды келсем білмей, кеше гөр!
Жатса алмас ем топырағыңда тебіренбей,
Ақын болмай, тасың болсам мен егер.

Неткен байтақ, неткен ұлы жер едің!
Нендей күйге жүрегімді бөледің?
Сенде тудым, сенде өстім мен, сенде өлсем, -
Арманым жоқ бұл дүниеде, - дер едім;

Мен де өзіндей байтақ едім, кең едім;
Қызығыңды көріп еркін келемін,
Сен де аямай бердің маған барыңды,
Мен де аямай барым саған беремін.

Болдым ғашық, туған дала, мен саған,
Алыс жүрсем, арманым – сен аңсаған.
Жақын жүрсем, мен – төрінде рахаттың,
Алтын діңгек - өзім туған босағам!